



«БЕКІТЕМІН»  
«ОКМА» АҚ ректоры  
М.Рысбеков  
03 2024 ж.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ

СС 117-2024

Күні	Көшірме	Басылым
		Екінші

Шымкент қ.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер		СС 117-2024
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		2-ші басылым 13 беттің 2 беті

1. «ОҚМА» АҚ комплаенс офицері әзірлеп, қолданысқа енгізді.

« 05 » 03 2024 ж.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен келісілді

Хаттама № 04 « 11 » 03 2024 ж.

Кезеңдік тексеру мерзімі – 3 жыл

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	СС 117-2024	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат	2-ші басылым 13 беттің 3 беті	

## МАЗМҰНЫ

1	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	4
2	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
3	ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	4
4	САЯСАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ .....	5
5	СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ .....	6
6	МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ .....	7
7	СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАҒАЛАУ.....	8
8	СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАР.....	9
9	«КОМПЛАЕНС ЖЕДЕЛ ЖЕЛІСІ».....	9
10	АҚПАРАТТАНДЫРУ.....	10
11	ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚЫЗМЕТ .....	10
12	ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ .....	11
13	ДЕМЕУШІЛІК ҚЫЗМЕТІ .....	11
14	МЕМЛЕКЕТТІК ҰЙЫМДАР ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС.....	11
15	ЖАУАПКЕРШІЛІК .....	11
16	ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ .....	12
17	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	12

OÑTÚSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	СС 117-2024	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат	2-ші басылым 13 беттің 4 беті	

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат (бұдан әрі – «Саясат») Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы аясында, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге бағытталған «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамымен (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ ) қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормасын сақтайтын, түйінді қағидаттары мен талаптарын айқындайтын «ОҚМА» АҚ ішкі құжаты болып табылады.

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Саясатта келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.1995 ж.;
- Қазақстан Республикасының Заңы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: 18.11.2015 жыл, №410-V;
- Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 27.07.2007 ж., № 319-III;
- Қазақстан Республикасының Заңы. Ғылым туралы: 18.02.2011 ж., № 407-IV;
- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексы: 03.07.2014 ж. № 226-V,
- Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы: 26.12.2014 ж. № 986,
- СТ РК 3049-2017. Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесі. Талаптар және қолдану бойынша нұсқаулар («ISO 37001:2016. Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі» халықаралық стандарты).

Саясат «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңының, жоғары оқу орындарының сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды әзірлеуі және қабылдауы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің әдістемелік ұсынымдарының ережелеріне сәйкес әзірленді.

## 3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құжатта сәйкесінше анықтамаларымен қоса келесідей терминдер қолданылады:

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	СС 117-2024	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат	2-ші басылым 13 беттің 5 беті	

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат** – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, «ОҚМА» АҚ-ның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастыру аясындағы шаралар.

**Сыбайлас жемқорлық** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген және/немесе оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы, жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шеңберінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

**Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

## **4. САЯСАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### 4.1. «ОҚМА» АҚ мақсаттары:

- «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің лауазымына, саласына қарамастан сыбайлас жемқорлыққа қатысу қауіпін азайту, болдырмау;
- «ОҚМА» АҚ қызметкерлері қолдана алатын Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын түсіндіру бойынша іс-шаралар ұйымдастыру;
- «ОҚМА» АҚ қызметкерлеріне осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасымен қолданылатын негізгі нормаларын орнату;

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер		СС 117-2024
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		2-ші басылым 13 беттің 6 беті

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, «ОҚМА» АҚ қызметіне сенімін арттыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға «ОҚМА» АҚ қызметкерлерін жұмылдыру;

- «ОҚМА» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі қағидаттарын айқындау;

- Саясатты қолдану саласын және оның ықпалына түсетін қызметкерлерді (тұлғаларды) немесе адамдар тобын анықтау;

4.2. «ОҚМА» АҚ міндеттері:

- «ОҚМА» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясатты іске асыруға жауапты лауазымды тұлғаларды бекіту;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылатын тізбесін, стандарттар мен рәсімдерді және оларды орындау тәртібін белгілеу;

- «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясат талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілігін белгілеу;

- корпоративтік мәдениетті жетілдіру үшін жоғары этикалық стандарттарға сай ашық және әділ жүргізуге, корпоративтік басқармасының үздік тәжірибелермен және тиісті деңгейде «ОҚМА» АҚ іскерлік беделін сақтауға және оның басшылығының адалдығын көрсетуге;

- барлық қызметкерлер осы Саясатты басшылыққа алуға, Саясаттың қағидаттары мен талаптарын мүлтіксіз орындауға;

- Саясаттың қағидаттары мен талаптарын жүзеге асыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруға.

## **5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ**

«ОҚМА» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесі мынадай қағидаттарға негізделеді:

- саясаттың қолданыстағы заңнамаға және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестігі;

- іске асырылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және жоғары оқу орындарына қолданылатын өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі;

- «ОҚМА» АҚ басшылығы өзінің мінез-құлқымен үлгі болып, барлық деңгейдегі сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көріністеріне қарсы этикалық стандартын қалыптастыруы;

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер		СС 117-2024
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		2-ші басылым 13 беттің 7 беті

- профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға жұмылдыру, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуы;
- нөлдік толеранттылық қағидатын ұстану, сыбайлас жемқорлықты кез-келген нысанда және көріністе қабылдамау;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау, «ОҚМА» АҚ тұтастай қызметіне және оның жекелеген бөлімшелеріне тән сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауды және бағалауды мерзімді негізде жүзеге асыру;
- ашықтық, «ОҚМА» АҚ-да жүргізілетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы қызметкерлер мен мүдделі тараптарды хабардар ету;
- «ОҚМА» АҚ қызметкерлері атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және еңбек міндеттеріне қарамастан, өз міндеттерін орындау барысында сыбайлас жемқорлыққа жол берген жағдайда, жазаның бұлтартпастығы.

## 6. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Осы Саясат шеңберінде «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің және/немесе контрагенттердің мүліктік және өзге де мүдделері арасындағы тікелей немесе жанама қайшылық, мүдделер қақтығысы болып табылады.

«ОҚМА» АҚ әдеттегі шаруашылық қызмет шеңберінде коммерциялық шарттар бойынша келіссөздер барысында туындайтын қайшылықтар мүдделер қақтығысы болып саналмайды.

Мүдделер қақтығысы «ОҚМА» АҚ қызметкерінің немесе үшінші тұлғалардың жеке мүдделігі (тікелей немесе жанама), «ОҚМА» АҚ құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіруге қабілетті, оның лауазымдық міндеттерін объективті және әділ орындауына ықпал ететін немесе ықпал ете алатын жағдайда туындайды.

Қызметкердің өз міндеттерін тиісінше орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жеке мүддесі, оның лауазымдық міндеттерін орындау кезінде, өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін, ақшалай қаражаты, құндылықтар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер, өзге де мүліктік құқықтар немесе пайдалар түрінде табыс алу мүмкіндігі болып табылады.

Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу мақсатында «ОҚМА» АҚ қызметкерлері міндетті:

- туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау ықтималдығы туралы ақпаратты білген бойда ашу;
- мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігіне жол бермеу бойынша шаралар қабылдау;
- функционалдық міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысының қаупін азайту.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	СС 117-2024	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат	2-ші басылым 13 беттің 8 беті	

Мүдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу, мүдделер қақтығысы тарапы болып табылатын қызметкердің лауазымдық міндеттері шеңберінде орындалатын міндеттер мен нақты тапсырмалар шеңберін өзгертуден және/немесе мүдделер қақтығысының туындауына себеп болған пайдадан (артықшылықтардан) бас тартудан (мысалы, нақты клиентпен немесе Банктің контрагентімен жұмыс істеуден бас тарту, мәмілені дайындауға қатысудан бас тарту және т.б.) тұруы мүмкін.

Жекелеген жағдайларда, мүдделер қақтығысын болғызбау немесе реттеу мүдделер қақтығысы тарапы болып табылатын қызметкерді өз қызметінен шеттету немесе өздігінен бас тарту арқылы қызметкердің лауазымдық немесе қызметтік жағдайын өзгертуден тұруы мүмкін.

Қызметкердің мүдделер қақтығысы жағдайында, көрсетілген мүдделер қақтығысын жою мүмкін болмаған жағдайда, осы Саясат шеңберінде «ОҚМА» АҚ мүдделері басымдыққа ие болады.

## **7. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАҒАЛАУ**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы элементтерінің бірі, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау болып табылады.

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың мақсаты «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің жеке пайда алу мақсатында сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы неғұрлым жоғары болатын нақты операцияларды айқындау;

- талдау жүргізу арқылы «ОҚМА» АҚ сыбайлас жемқорлық қауіпін анықтау;

- «ОҚМА» АҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, «ОҚМА» АҚ қызметіне сенімін арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;

Тәуекелдерді тиімді анықтау, бағалау және азайту мақсатындағы сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің негізгі тәсілдері:

- сыбайлас жемқорлықтың ниеттері мен фактілері туралы келіп түскен кез-келген ақпаратқа бағалау жүргізу және өңдеу;

- сыйлықтармен және өкілдік шығыстармен жұмыс істеу қағидаттарын белгілеу;

- мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында ақпаратты ашу тәртібін белгілеу және оны бағалау;

- «ОҚМА» АҚ жасайтын барлық төлемдердің толық және дұрыс есебін жүргізу және құжаттау;

- «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік және ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарына, сол құжаттарға жауапты тұлғалар тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу.



O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	СС 117-2024	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат	2-ші басылым 13 беттің 9 беті	

## 8. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАР

Осы Саясатқа қосымша ретінде жыл сайын сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары бекітіліп, олардың өткізу мерзімдері мен жауапты орындаушысы көрсетіледі.

«ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстаным қалыптастыру мақсатында, қызметкерлердің этикалық, адал мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары белгіленеді.

«ОҚМА» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің тиісті деңгейін қалыптастыру, оны алдын алу және оған қарсы іс-қимыл, осы Саясаттың ережелері және оған қатысты құжаттар бойынша қызметкерлердің білімін жетілдіру мақсатында іс-шаралар жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың мақсаттары:

- сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы саласындағы корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу;
- сыбайлас жемқорлықтың белгілерін анықтау, алдын алу, жолын кесу;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын азайту және/немесе жою;
- осы Саясаттың ережелері мен талаптарын «ОҚМА» АҚ барлық қызметкерлеріне жеткізу.

«ОҚМА» АҚ басшылары қызметкерді бағалау, көтермелеу және ауыстыру кезінде «ОҚМА» АҚ белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл талаптарын ескеріп, қызметкердің өз міндеттерін ұзақ, мінсіз және тиімді орындауы, сондай-ақ оның комплаенс және этикалық нормалардың басқа да рәсімдерін адал орындауы туралы ақпаратты назарға алады.

## 9. «КОМПЛАЕНС ЖЕДЕЛ ЖЕЛІСІ»

"Комплаенс жедел желісі" - «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің және өзге үшінші тұлғалардың, оның ішінде контрагенттердің және/немесе оларға қатысты сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер жасау ниеті немесе фактілері туралы ақпаратты беруге арналған, оның ішінде ақпаратты жасырын беруге мүмкіндік беретін қауіпсіз және құпия ақпараттық арна.

Кез-келген қызметкердің, контрагенттің немесе «ОҚМА» АҚ-мен өзара іс-қимыл жасайтын өзге де тұлғалардың ықтимал сыбайлас жемқорлық әрекеттері немесе әрекетсіздігі туралы ақпарат пайда болған немесе күдік болған кезде бұл туралы «ОҚМА» АҚ "Комплаенс жедел желісіне" хабарлау қажет.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер		СС 117-2024
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		2-ші басылым 13 беттің 10 беті

«ОҚМА» АҚ барлық өтініш берушілерге қатысты құпиялылық қағидатын сақтауға, сондай-ақ мәлімделген деректерге қатысты белгілеген мерзімде тексеру жүргізілетініне және егер ол сыбайлас жемқорлықтың болжамды фактісі туралы хабарлаған болса, қызметкер санкцияларға ұшырамайтынына (жұмыстан шығару, лауазымын төмендету, сыйлықақысынан айыру және т.б.) кепілдік береді.

Алайда, егер мұндай хабарлама қасақана жалған ниетпен жасалса, мысалы, жала жабу немесе қандай да бір артықшылықтар алу немесе жауапкершіліктен жалтару мақсатында жасалса, онда мұндай қызметкерге қолданыстағы заңнамаға сәйкес ықпал ету шаралары қолданылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты белгілі болған ақпаратты хабардар ету тәртібі, алынған мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге және хабарлаған адамдарды қорғауға бағытталған шаралар, сонымен қатар «ОҚМА» АҚ ақпараттандыру арналары "Комплаенс жедел желісі" туралы Нұсқаулықта көзделген.

## **10. АҚПАРАТТАНДЫРУ**

«ОҚМА» АҚ сыбайлас жемқорлықтан бас тарту туралы ашық мәлімдейді және ақпараттандыру арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейінің көтерілуіне ықпал етеді.

«ОҚМА» АҚ қызметкерлердің осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтағанын құптайды және көтермелейді.

«ОҚМА» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды іске асыру дәрежесі мен жетістіктері туралы, интернет желісіндегі ресми сайтта тиісті мәліметтерді орналастыру арқылы жұртшылықты хабардар етуді жүзеге асырады.

## **11. ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚЫЗМЕТ**

«ОҚМА» АҚ саяси ұйымдардың қызметіне қатыспайды және олардың қызметін қаржыландырмайды. Саяси немесе өзге де қоғамдық қызметке қатысатын қызметкерлер бұл жағдайларда тек «ОҚМА» АҚ өкілдері емес, жеке тұлғалар ретінде ғана және жұмыстан тыс уақытта ғана әрекет ете алады.

«ОҚМА» АҚ аумағында қандай да бір саяси партияның немесе кандидаттың пайдасына үгіт жүргізуге, сондай-ақ қызметкерлердің өздерінің саяси көзқарастары мен сенімдерін таратуға жол берілмейді.

«ОҚМА» АҚ қызметкерлеріне «ОҚМА» АҚ атынан сыйлықтар беруге, саяси мақсатта жарналар салуға не саяси партиялар немесе саяси лауазымдарға кандидаттар үшін ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыруға тыйым салынады.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	СС 117-2024	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат	2-ші басылым 13 беттің 11 беті	

## **12. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

«ОҚМА» АҚ қайырымдылық қызметі, азаматтарға немесе заңды тұлғаларға мүлікті, оның ішінде ақшалай қаражатты риясыз (өтеусіз немесе жеңілдікті шарттармен) беру, жұмыстарды риясыз орындау, қызметтер көрсету, өзге де қолдау көрсету жөніндегі ерікті қызмет түрлері болып табылады.

Қайырымдылық іс-шара жарнамалық қызмет көрсетуді көздемейді.

«ОҚМА» АҚ жеке тұлғаларға қайырымдылық көмекті, осындай көмек көрсетудің негізділігін растайтын құжаттарды ұсыну арқылы ерекше жағдайларда жүргізіледі.

## **13. ДЕМЕУШІЛІК ҚЫЗМЕТІ**

«ОҚМА» АҚ демеушілік қызметі, қаражат берген не қамтамасыз еткен адам демеуші деп танылады, спорттық, мәдени немесе кез-келген өзге де іс-шараларды ұйымдастыру және/немесе өткізу, теле-радио хабарларын жасау және/немесе трансляциялау не демеушіге жарнамалық қызметтер көрсету орнына шығармашылық қызметтің өзге де нәтижесін жасау және/немесе пайдалану үшін қаражат ұсыну болып табылады.

«ОҚМА» АҚ демеушілік жобаға қатысуының орындылығы, жобаның «ОҚМА» АҚ имиджіне және осы Саясатқа сәйкестігімен және демеушілік құнының ондағы жарнамалық мүмкіндіктерге сәйкестігімен айқындалады.

## **14. МЕМЛЕКЕТТІК ҰЙЫМДАР ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС**

«ОҚМА» АҚ мемлекеттік ұйымдар мен мемлекеттік қызметкерлердің, олардың жақын туыстарының (немесе олардың мүддесі үшін) кез-келген шығыстарын, соның ішінде көлікке, өмір сүруге (қонақ үй, пәтер), тамақтануға, ойын-сауыққа (спорттық, мәдени іс-шаралар) және т.б. мәселелерге жұмсалатын, «ОҚМА» АҚ есебінен алынатын шығыстарды қаржыландырмайды.

## **15. ЖАУАПКЕРШІЛІК**

«ОҚМА» АҚ барлық құрылымдық бөлімдерінің басшылары мен қызметкерлері атқаратын лауазымына қарамастан осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауы міндетті.

Осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарының сақталуына, сондай-ақ өздеріне бағынысты, осы қағидаттар мен талаптарды бұзатын адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дербес жауапты болады.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер		СС 117-2024
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		2-ші басылым 13 беттің 12 беті

«ОҚМА» АҚ қызметтік тергеу нәтижесінде, құқық қорғау органдарының немесе өзге де тұлғалардың бастамасы бойынша, қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасымен, нормативтік актілермен және еңбек шарттармен көзделген тәртіпте, осы Саясат талаптарын бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

## 16. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасы немесе қолданылатын халықаралық заңнама өзгерген жағдайда өзгертілуі мүмкін.

Егер осы Саясаттың жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келген жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелері қолданылады.

## 17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«ОҚМА» АҚ осы Саясатты еркін қолжетімділікте өзінің интернет желісіндегі ресми сайтында орналастырып, сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтынын ашық мәлімдейді, барлық қызметкерлерінің, контрагенттердің және өзге де үшінші тұлғалардың осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауын күптайды және көтермелейді, сондай-ақ хабардар ету және оқыту арқылы қоғамда және «ОҚМА» АҚ қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыруға ықпал жасайды.

«ОҚМА» АҚ өзара түсіністік қағидасы негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында мемлекеттік және реттеуші органдармен, сондай-ақ қоғамдармен және бірлестіктермен, серіктестермен мынадай мақсаттарда ынтымақтасады:


- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасады деп күдік келтірілген (айыпталушы) адамдарды, олардың орналасқан жерін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қатысы бар басқа да адамдардың мекен-жайын анықтау;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпарат алмасу;


- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен күрес жөніндегі қызметті үйлестіру.

«ОҚМА» АҚ барлық қызметкерлері осы Саясаттың ережелерімен танысуы тиіс.





**Әзірлеген:**

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
Комплаенс офицер	Пернебаев Н.А.	05.03.2024	

**Тексерген:**

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.А.	06.03.2024	

**Келісілген:**

Лауазымы	Аты жөні	Күні	Қолы
Бірінші проректор	Есіркепов М.М.	06.03.2024	
Қаржы және шаруашылық жұмыстар бойынша проректор	Сейтжанова Ж.С.	06.03.2024	
Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор	Анартаева М.У.	07.03.2024	
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.	07.03.2024	
Кадрлық қызметі бөлімінің меңгерушісі	Елеусизова Г.Л.	07.03.2024	